

УДК 93/94
МРНТИ 05.31.15

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ҰЛТ ТАҒДЫРЫНА ӘСЕРІ

Г.А. ДОСЕКЕЕВА¹, А.С. АЛДЕКЕН¹

(¹Алматы технологиялық университеті, Қазақстан, Алматы)
E-mail: dosekeeva.gulmira@mail.ru

Мақалада демография, этнодемография және бұл мәселелердің ұлт тағдырына әсері қарастырылады. Қызыл империяның жүргізген саясатының қазақ ұлты үшін оңай болмағанын байқауға болады. Ұлтты жоюға бағытталған саясат және ең бастысы халықтың бұл науқандарға қатысты шарасыздығы әр кезде де өз көкейтестілігін жоғалтпақ емес. Автор мақалада тарихтағы болған осындай жағдайларға болашақта жол берілмеуіне алаңдаушылық білдіреді. Философия ғылымында саннан сапа туындайды деген ұғым бар, сондықтан осы мақсатта Үкіметке арнайы этнодемографиялық саясат қажеттігіне ұсыныс білдіреді.

Негізгі сөздер: демография, этнодемография, ұлт, жергілікті ұлт өкілдері, этнос, көп-ұлттылық, мигранттар.

ВЛИЯНИЕ ДЕМОГРАФИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ НА СУДЬБУ НАЦИЙ

Г.А. ДОСЕКЕЕВА¹, А.С. АЛДЕКЕН¹

(¹Алматинский технологический университет, Казахстан, Алматы)
E-mail: dosekeeva.gulmira@mail.ru

Статья посвящена демографии, этнодемографии и влиянию этих проблем на судьбу наций. Примечательно, что политика Красной империи была нелегкой для казахской нации. Политика, направленная на ликвидацию нации, самое главное – отсутствие общественного интереса к этим кампаниям, не всегда теряет свою актуальность. В статье авторы выражают обеспокоенность тем, что подобные ситуации, произошедшие в истории, в будущем не будут допущены. В философской науке есть понятие о том, что от количества возникает качество, поэтому в этих целях обосновывается правительству необходимость специальной этнодемографической политики.

Ключевые слова: демография, этнодемография, нация, представители местных национальностей, этнос, многонациональность, мигранты.

INFLUENCE OF DEMOGRAPHIC POLITICS ON THE FATE OF NATIONS

G.A. DOSEKEEVA¹, A.S. ALDEKEN¹

(¹Almaty Technological University, Kazakhstan, Almaty)
E-mail: dosekeeva.gulmira@mail.ru

The article is devoted to demography, ethnodemography and the influence of these problems on the fate of the nation. It is noteworthy that the policy of the Red Empire was not easy for the Kazakh nation. The policy aimed at the elimination of the nation and, most importantly, the lack of public interest in these campaigns will not always lose its relevance. In the article the author expresses concern that such situations that have occurred in history, in the future are not allowed. In philosophical

science, there is a notion that quality arises from quantity, so for this purpose it offers the government the need for a special ethnodemographic policy.

Key words: demography, ethnodemography, nation, representatives of local nationalities, ethnos, multinational, migrants.

Kipicne

XXI ғасырда әлемдегі тұрғындар саны 6 млрд.-тан асты. Әлем тұрғындары 12 жылда 1 млрд.-қа көбейді. Алайда бұл ағым (тенденция) Қазақстанға тән емес. 1999 жылы Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алғаннан кейін алғашқы халық санағы болды [1]. 1999 жылғы санақ нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасында 1989 жылғы санақ нәтижесімен салыстырғанда тұрғындар саны 1,2 млн. адамға қысқарған. Тұрғындар санының азаюына әсер еткен халықтың елден кетуі (салыстырмалы түрде 10 жылда миграциялық шығын 1,7 млн. адамды құраған). Негізінен еңбекке қабілетті жастағы жоғары квалификациялы мамандар кеткен, бұл тұрғындардың жас өзгерісіне, білім, еңбек және ұлттық құрылымына әсер етпеуі мүмкін емес.

Статистика көрсетіп отырғандай адамзат баласының өсуі бір жылда 78 млн. адамды құрап отыр.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің жартысында: Ресей және Қазақстан, Грузия, Молдавия, Украина, Беларуссияда тұрғындар саны қысқарған, ал дәстүрлі жоғары өсім көрсетіп отырған елдерде өсім төмендеген. 90-жылдардың екінші жартысында жалпы Достастық елдерінің тұрғындарының саны 3 млн.-нан аса адамға азайған. Бұл сандардан көретініміз Достастық елдеріндегі демографиялық, этнодемографиялық мәселелер бүгінгі күнгі аса маңызды мәселелердің бірі [2]. Бұл жағдай елдегі этнодемографиялық мәселелерді шешу үшін түбірлі саяси, әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар қажет екенін көрсетеді.

Зерттеу нысандары мен әдістері

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі халық санағы Қазақстан Республикасында екінші рет 2009 жылы ақпан айының 24-25 күндері жүргізілді. 2009 жылғы тұрғындар санағының нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасы тұрғындарының саны 16 004 800 адамды құрады. 1999 жылғы санаққа қарағанда 1 022 900 (6,8%) адамға көбейгендігін көрсетті. Санақтың күтпеген нәтижелерінің бірі қала тұрғындары үлесінің 56,3%-дан 54,0%-ға төмендегені, сәйкесінше ауыл тұрғындары үлесінің

көтерілгені болды. Осы санақтың нәтижесі ең көп ұлт қазақтар – 10,1 млн., екінші орында орыстар – 3,8 млн.

Демограф М.Т.Татимов 2009 жылғы халық санағының сапасын сыни тұрғыда бағалай отырып, ол БҰҰ инструктажына сай емес өтуі мүмкін деген пікір білдіреді [3].

Қазақ өлкесіндегі санақ жұмыстары ең алғаш ол Ресей империясының құрамында болған кезде жүргізілді. Ресейде Бірінші жаппай халық санағы 1897 жылы ұйымдастырылды. Санақ нәтижесі бойынша Қазақстан тұрғындарының саны 4 млн. 333 мың адамды құрады, олардың 3 млн. 882 мың немесе 93,6% ауылдық мекендердің тұрғындары. Сол жылдардағы Қазақстанның 22 қаласында 6%-дан сәл астам халық тұрды. Ресей империясының 1897 жылғы Бірінші жаппай халық санағының нәтижелері бойынша өлкеде 60-тан аса ұлт өкілдері тұрған, солардың ішінде:

қазақтар – 3392 мың немесе 81,7%;
орыстар – 454,4 мың немесе 10,9%;
украиндар – 79,5 мың немесе 1,9%;
өзге ұлттар [4].

Ресей империясының 1897 жылғы Бірінші жаппай халық санағының материалдарын XX ғасырдың бас кезіндегі іріктемелі статистикалық тексеру материалдарымен салыстыру, Қазан революциясына дейін Ресей мен Украинаның орталық облыстарынан халықтың дүрмекпен ағылып келуінің байқалғанын көрсетеді. Қазақстанның алты облысында 1897-1916 жылдарда халықтың табиғи өсуі 1301,4 мың адамды құрады. Осы жылдардың ішінде өлкеге 24,9%, немесе Ресей империясының шет аймақтарына қоныс аударуға барлық ықылас білдіргендердің төрттен бір бөлігі келді. Столыпиннің аграрлық реформасын жүзеге асыру барысында (1906-1912 жж.) Қазақстан аумағына келген мигранттар туралы деректерді талдау қоныстанушылардың 83,1%-ы Украинадан, ал қалғандары Ресейдің оңтүстік аймақтарынан (16,8%) келгендерін көрсетеді. Бұл жүйелі көші-қон өктемдігін жүргізу саясаты еді, соның нәтижесінде Қазақстан халқы жедел көбейе түсті. Мәселен, 1917 жылы өлке халқының саны 6228,3 мың адамға дейін, немесе 1897 жылмен

салыстырғанда 50,2%-ға көбейді. Қазақстан халқының ұлттық құрамы да өзгерді: орыстардың саны 2,4 есе өсіп, олардың халық құрамындағы үлес салмағы 17,5%-ға жетті; украиндардың саны 8,2 есе өсіп, олардың үлес салмағы 10%-ды көрсетті.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың, Азамат соғысы мен әскери интервенциялық оқиғалары өлкенің демографиялық ерекшеліктеріне әсер етпей қойған жоқ. Халықтың нақты мүмкіндіктерімен есептеспестен, олардың малдары, астығы мен басқа да өнімдері күшпен тартып алынды. 1916 жылы әскери ведомство жаппай мәжбүрлі түрде ет дайындау науқанын жүргізді. Қазақтардың 1916 жылғы көтерілісінің салдарлары да жағдайды ушықтырды, соның нәтижесінде, патша өкіметінің жазалау экспедицияларының күш қолдануынан осы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан он мыңдаған адамдармен қатар бейбіт тұрғындарда қаза тапты (қарттар, әйелдер, балалар). 1916 жылғы үркіншіліктен көптеген қазақтар Ресей империясынан тыс жерлерге, Қытайға, Ауғанстанға, Түркияға және басқа да елдерге қашуға мәжбүр болды. Ғалымдардың есептеулері бойынша, эмигрант-қазақтардың саны осы кезеңде шамамен 300 мың адамға жетті.

Осы оқиғаларының салдарларынан қазақтардың абсолютті өсу қарқындары күрт төмендеді. Мәселен, 1897-1917 жылдар арасында қазақтардың саны небәрі 6,5%-ға ғана өсіп, абсолютті саны 3615,0 мың адамды құрады, ал Қазақстан халқының құрамындағы үлесі 58%-ға дейін төмендеді. Бұл қазақ халқының табиғи өсімін тежеді.

Көпұлттылықты қолдау және өлкенің этникалық құрамында қазақтардың үлес санын азайту үрдісі кеңестік кезеңде анағұрлым қарқынды жалғасын тапты. 1920 жылғы Кеңес өкіметінің Бірінші халық санағы, ауыл шаруашылығы санағы құжаттары осы кезеңдегі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарысты көрсетеді. Шетелдік әскери интервенция кезінде және интервенция мен Азамат соғысы аяқталғаннан кейін жаңа биліктің (өкімет) бүкіл ел бойынша жүргізген азық-түлік салғырты ауыл шаруашылығының экономикасына кері әсер етті. Сонымен қатар 1920 жылы астық шықпай қалды және кейбір аймақтарды жұт жайласа, 1921 жылы елде қуаңшылық орын алды. Бұл әсіресе көшпелі өңірлерге ауыр тиді. Табиғат апатының кесірінен республикада 2 млн. 300 мыңнан аса адам ашаршылыққа ұшырады. Өлім-жітімнің

және апат жайлаған аудандардан көшіп кетудің көбеюі байқалды. Осы оқиғалардың нәтижесінде 1917-1920 жылдардың арасында Қазақстан халқы 6 218,3 мың адамнан 4 679 795 адамға, ал 1923 жылы 3 786 910 адамға дейін азайды [4].

Қазақ мемлекеттілігін құру мен қалыптастыру жылдарындағы орын алған демографиялық өзгерістердің қорытындыларын 1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы шығарды. 1926 жылы Қазақстан аумағында 6 198 467 адам тұрды, 1920 жылмен салыстырғанда 800 мыңға жуық (14,8%) көп болды. Республика одан сайын көп ұлтты өлкеге айналды (86-ға дейін ұлттық топтар). Қазақтар басым этнос болып қалды, дегенмен олардың халық құрамындағы үлес салмағы 58,5%-ға дейін азайды.

Қазақстан осы кезде аграрлық өлке күйінде қала берді. Қала халқының саны бұрынғысынан аз болды – 519 мың адам немесе республика халқы жалпы санының 8,4%-ы еді. Кенттену (урбандану) деңгейі жалпы-одақтық көрсеткіштен екі еседен аса төмен болды (17,9%). Өлкеде 50 қала және қала үлгісіндегі кент бар еді. Қала үлгісіндегі 500-ден 10 мыңға дейін адамы бар 33 кентте 125,2 мың адам тұрды. Республикада 27 шағын қала болды, ал ірі қалалар әзірше жоқ еді. Қалалықтардың құрамындағы қазақтар небәрі 14,4%-ды ғана құрады.

Республикадағы ауыл халқы сан жағынан қалалықтардан басым түсіп, Қазақстанның барлық тұрғындарының 91,6%-ын құрады. Қазақтар негізінен аграрлық этнос еді.

Нәтижелер және оларды талдау

Сонымен, 1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы Қазақстанда көпұлттылықтың өсе түсуін, республика тұрғындарының құрамында қазақ ұлты үлесінің азаюы мен славян этносының көбеюін тіркеді. Қазақтардың басым бөлігі ауылдық жерлерде тұрды, олардың қалалық мекендердегі үлес салмағы шамалы ғана болды.

Қазақ этносының дәстүрлі шаруашылық құрылымына алғашқы соққы 1920 жылдардың соңында жасалды, сол кезде аса ірі байлар мен жартылай феодалдар шаруашылықтарын кәмпескелеу және жер аудару науқаны жүргізіліп, ол артынша шаруаларға қарсы жаппай қуғын-сүргінге ұласты. 696 шаруашылық тәркілеуге ұшырады, соладың ішінен 619 отбасы тұратын өңірлерінен тыс мекендерге жер аударылды. Кейінірек, ұжымдастыру науқанының барысында кулактар мен

байларды тап ретінде жою саясаты одан да қатаң жүргізіле бастады. Жойылатын кулак түтіндерінің шаруашылықтардың жалпы көлеміне қатысты үлесі 3-5%-ды құрайтыны анықталды, сондықтан бай-кулактарды тәркілеудің саны осыған сәйкес келуі тиіс болды. Шын мәнінде көп аудандарда осыншама кулактар жоқ еді, сондықтан дәулетті (күйлі) және орташа шаруа қожалықтары қоса «тәркіленді». 1930-1931 жылдарда ғана республика аумағының тыс жерлерге айдалған кулактардың саны толық емес деректер бойынша 6765 адамға жетті.

Байларды тәркілеуге қатысты науқан шаруаларға қарсы жаппай қуғын-сүргінге ұласты.

1929-1933 жылдар аралығында толық емес мәлімет бойынша ОГПУ (окружное государственное полномоченное управление) «үштігі» ҚазАКСР-інде 9805 істі қарап, 22 933 адамға қатысты шешім қабылдаған, 3386 адамға ату жазасын, 13 154 адамға 3 жылдан 10 жылға дейін мерзімге концлагерде жазасын өтеуге кескен.

Қалыптасқан ұдайы өндірісік байланыстар жүйесінде барынша нақты функционалды рөл атқаратын байлармен ауқатты адамдардың шаруа қожалықтарын жою шаруашылықтардың дәстүрлі құрылымында бейберекет іс-әрекеттің өріс алуын күшейте түсті. Тәркіленген дүние-мүлікті «тең» бөлу шаруашылықты қалыпты жүргізу үшін қажет лайықты мұқтаждықты өтей алмады, оны алғандардың әлеуметтік беделіне де ешбір әсер етпеді, сондай-ақ халықтың әл-ауқатын арттырудың орнына, керісінше, ауылдарды қайыршыландыру мен шаруашылықтарды күйретуге алып келді.

Ең басынан төтенше шаралар сипатын алған дайындау науқандары халықтың жағдайын қиындатып жіберді: мал дайындау жоспары оның нақты санының есебінсіз жасалды, астық дайындау таза мал шаруашылығымен айналысатын, егін екпейтін шаруашылықтарға да жүктелді. Оның үстіне, дайындау науқаның барысында шаруа қожалықтары иелерін жауапқа тарту қатар жүргізілді: әкімшілік-қылмыстық жауапкершілікке 56 498 ауыл тұрғындары тартылды, олардың 31 121-і сотталды; 1928 жылғы 1 қазаннан 1929 жылдың 1 желтоқсанына дейінгі аралықта 125 адам, ал ОГПУ жүйесі бойынша 152 адам ату жазасына кесілді. Соның нәтижесінде салық салудың көтеріңкі нормасы мал өсірумен айналысатын көптеген шаруашылықтардың республикадан

және елден тыс жерлерге тұтас қауымдармен көшіп кетулеріне түрткі болды.

Көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыстағы мал өсірушілерді отырықшы өмірге ауыстыру жөніндегі күш қолдану саясаты қазақ шаруашылығына аса ауыр тиді. Соның нәтижесінде ұзақ уақыт бойы әлеуметтік-мәдени даму барысында қалыптасқан мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі тұрмысты қоғамның шаруашылық құрылымы бұзылды және бұрмаланды, осы құрылым индустрияландыруға дейінгі өндіргіш күштердің даму деңгейіндегі Қазақстан аумағында оңтайлы болған шаруашылық-мәдени қызметтің нағыз керекті үлгісі болып табылды. Сонда да болса, Қазақстанның ауылдары мен деревнялары қауырт ұжымдастырудың ырғағына бейімделе бастады. Мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда еріктілік пен қарапайым заңдылықтың принциптерін бұзу шектен шығып кетті. Соның нәтижесінде 1932 жылы ақпан айына қарай Қазақстандағы колхозшылардың 87% және жеке шаруа қожалықтарының 51,8% өз малдарынан біржола айырылды. Қоғамдастырылған малдың мыңғырған саны колхоздық-тауарлық фермаларға шоғырланып, азық жетіспегендіктен, аштан қырылып жатты. Соның салдарынан мал шаруашылығы теңдесі жоқ шығынға ұшырады.

Ұжымдастырудың зардабы 1931-1933 жылдардағы ашаршылыққа ұласты. Бұл қазақстандықтар үшін сұмдық қасіретке айналды. РКФСР ХКК төрағасының орынбасары болып қызмет істеген Т. Рысқұлов 1932 жылы бірнеше қайтара тікелей өзі И.В.Сталинге мына мәліметті жеткізді: «Балқаш ауданында (жергілікті ОГПУ деректері бойынша) 60 мың халық тұратын... солардың 12 мыңы көшіп кетті, 30 мың адам өлді..., Қарқаралы ауданында 1932 жылы мамырда 50400 адам болса, ал қараша айында 15900 адам қалды. ... Қарағандыда өткен қыста 1500-ге жуық қазақ көз жұмды, ...ішінде ашығып және жұқпалы аурудан өлген жұмысшылар бар, ...аштан бұратылған қазақтар тобырымен өнеркәсіп орындарын сағалайды (Қарағанды, Балқаш, Қарсақбай және т.б.) жұмысқа тұра алмаған соң, осы өнеркәсіп орындарының қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіреді, ...бірқатар отырықшы мекендердегі қазақтар үй-жайларын тастап, жан бағу үшін жан-жаққа бытырап кетті, Қарағанды облысында 4100 үй-жай қаңырап тұр...»

Қорытынды

1. Алайда ұжымдастыру қарқыны мүлде бәсеңдеген жоқ. 1930-1935 жылдарда Қазақстанда ұжымдастыру науқанының пайызы (шаруашылықтардың саны бойынша) 30,3%-дан 90,5%-ға дейін өсті. Осы кезеңде бүкіл Қазақстанды қарулы ереуілдерге ұласқан халық толқулары жайлады. 1929-1931 жылдарда Қазақстанда 80 мыңға жуық адам қатысқан 372 көтеріліс болды. Әсіресе Созақ, Бұқтырма, Ырғыз, Қазалы, Қармақшы, Самар, Абыралы, Бүйен-Ақсу, Шыңғыстау, Бөрібаев, Қастек, Балқаш, Шұбартау, Маңғыстау және т.б. аудандардағы шаруа қозғалыстары жағдайды одан бетер ауырлата түсті. Көтерілістер Республикадан тыс жерлерге, соның ішінде шетелдерге жаппай үдере көшулерге ұласты. 1930 жылдың бас кезінен 1931 жылдың ортасына дейін ғана Қазақстан аумағынан 281 230 шаруа қожалықтары, солардың айтарлықтай бөлігі – Қытайға, Иранға, Ауғанстанға көшті. Ашаршылық жылдарында республикадан тыс жерлерге барлығы 1130 мың адам көшті, солардың 676 мыңы біржола кетті. Тұрақты әскер және ОГПУ органдарының күшімен бүлік шығарған халыққа қарсы қатаң жазалау шаралары жүргізілді. Ірі көтерілістер мен толқуларға қатысқандары үшін 1929-1931 жылдарда 5551 адам сотталып, солардың 883-і ату жазасына кесілді. Бұл деректер қазақ өлкесіндегі ұжымдастыру науқанының жүргізілу сипатын айғақтайды және 1936 жылғы Конституцияны қабылдау қарсаңында қылмыстың барлық түрлерімен күрес жүргізуді күшейтудің нәтижесі болып табылды.

2. Қазақстандағы осы нәубеттің ауқымы туралы Республиканың халықшаруашылық есеп жүргізу Басқармасы жасаған 1930-1936 жылдардағы халық санының құлдырауы айғақтайды: 1930 жылы – 5873,0 мың адам, 1931 жылы – 5114,0 мың адам, 1932 жылы – 3227,0

мың адам, 1933 жылы – 2493,5 мың адам, 1934 жылы – 2618,8 мың адам, 1935 жылы – 2926 мың адам, 1936 жылы – 3287,9 мың адам. Сонымен Қазақстан халқының саны 1930-1936 жылдарда – 2585,1 мың адамға азайды.

3. 1937 мен 1939 жылдар аралығындағы халық санағының мұрағаттық құжаттары мен материалдарының демографиялық талдауы қазақ этносының аса қатаң зұлматқа душар болғанын және ауыр шығындарға ұшырағанын көрсетеді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының деректері бойынша ашаршылық пен оның зардаптарынан Қазақ халқы 2 млн. 200 мың адамды, яғни ұлттық жалпы санының 49%-ға жуығын жоғалтты [4].

4. Философия ғылымында саннан сапа туындайды деген түсінік бар. Онсыз да аса көп емес қазақ ұлты үшін бұл шын мәніндегі орны толмас шығын еді. Осы жағдайларға байланысты ұлттың санын өсіру үшін Мемлекетке арнайы демографиялық саясат қажет екені анық. Бұл талапты мүмкін болашақ ұрпақ өкілдері ғана жүзеге асыруы мүмкін. Ұлттың ұлт ретінде сақталып қалуы бүгінгі күні көпшілікті аландатып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қозыбаев М.Қ. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5 томдық. V-том. Алматы: «Атамұра», 2010. - 658 б.
2. Мусабаев А.Н. Этнодемографические процессы в Республике Казахстан: политологический анализ. Автореф. дисс. на соиск. уч. ст. канд. полит. наук. - Алматы, 2009. - С. 5.
3. Итоги переписи населения Республики Казахстан 2009 года. [электронный ресурс] URL: [www. Stat. kz //news/ Pages pr_04_02_10. aspx](http://www.Stat.kz/news/Pages/pr_04_02_10.aspx) (дата обращения: 24.10.2018).
4. Қозыбаев М.Қ. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) 5 томдық; IV том. – Алматы: «Атамұра», 2010. - 640 б.